

## Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі туралы Ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 20 желтоқсан N 2698. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің құрылуына байланысты Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі туралы Ереже қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Қазақ ССР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігін құру туралы" Қазақ ССР Президентінің 1991 жылғы 31 тамыздағы N 413 Жарлығының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 33-35, 436-құжат) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е з и д е н т і н і н ң  
1 9 9 5                      ж ы л ғ ы                      2 0                      ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N                      2 6 9 8                      Ж а р л ы ғ ы м е н  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі туралы ЕРЕЖЕ**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі (бұдан әрі-Агенттік) Қазақстан Республикасының Президенті алдында есепті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, Қазақстанның біртұтас ақпарат кеңестігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін, баспасөз бен бұқаралық ақпарат саласында мемлекет саясатын жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Агенттік республикалық бюджеттен қаржыланатын барлық газеттер мен журналдардың құрылтайшысы болып табылады.

Агенттік қызметінің мақсаты-азаматтардың сөз бостандығына деген конституциялық құқығын, республиканың ақпараттық, сондай-ақ газеттердің,

журналдардың, теледидар мен радио хабарларының, кітап шығарудың, кітап таратудың дербестігін, республиканың саяси, экономикалық және мәдени өмірі туралы хабарлармен халықтық сұранысын анағұрлым толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету.

2. Агенттік өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары және нормативтік құқықтық актілері негізінде жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **II. Агенттіктің міндеттері**

3. Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) баспасөз, бұқаралық ақпарат, баспа ісі, полиграфия, кітап тарату, телерадио хабарларын тарату саласында мемлекет саясатының принциптерін қ а л ы п т а с т ы р у ;

2) Агенттік қарауындағы мәселелер бойынша инвестициялық және ғылыми-техникалық саясатты әзірлеу және іске асыру;

3) баспа бағдарламаларын дайындап, іске асыру, әлеуметтік мәнді әдебиет шығаруда бірыңғай тапсырыс беруші және тапсырыстарды орындаушы қызметін ж ү з е г е а с ы р у ;

4) ақпараттық құрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу ж ә н е ж ү з е г е а с ы р у ;

5) баспасөз бен бұқаралық ақпарат саласындағы заңдарды жетілдіру жөнінде ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у ;

6) баспасөзде және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қ ұ п и я н ы с а қ т а у ғ а қ а т ы с у ;

7) бұқаралық ақпарат құралдары, баспалар, полиграфия және кітап саудасы ұйымдары қызметкерлерінің білімін көтеруді ұйымдастыру, сондай-ақ журналистік және инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға көмектесу;

8) Агенттік жүйесіне кіретін ұйымдардың құқығы мен заңды мүддесін қорғауды қамтамасыз ететін шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

9) табиғи апат пен төтенше оқиғалар жағдайында мемлекеттің баспасөз және бұқаралық ақпарат жүйесіндегі жұмылдыру дайындығының жоспарларын жасау ж ә н е ж ү з е г е а с ы р у ;

10) бұқаралық ақпарат тасқынын, олардың қоғамдық пікірге тиімділігін және әсер ету сипатын зерттеп, кітап шығаруды, полиграфияны, кітап таратуды, сондай-ақ бұқаралық ақпараттың алуан түрін дамытудағы түрлі қоғамдық топтардың м ұ қ т а ж д а р ы н а й қ ы н д а у ;

11) баспасөз және бұқаралық ақпарат мәселелері бойынша анықтамалық-хабарлау ж ү й е с і н қ ұ р у ;

12) алыс және жақын шетелдердегі қазақ диаспорысына баспасөз және

бұқаралық ақпарат мәселелері бойынша көмек көрсету;

13) баспасөз және бұқаралық ақпарат саласында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа елдерден келетін кітап, газет-журнал, дыбыстық-бейнелік және басқа да ақпараттық өнімдерге талдау жасау;

14) баспа ісі, полиграфия, кітап тарату және бұқаралық ақпарат саласында шет елдермен тиісті халықаралық шарттар негізінде келісімді саясат жүргізу;

15) белгіленген тәртіппен үкіметаралық мамандандырылған ұйымдарда Қазақстан Республикасының өкілі болу және тәуелсіз Қазақстанның баспасөз және бұқаралық ақпарат саласында мүдделерінің халықаралық-құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету.

### **III. Агенттің қызметі**

4. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай қызметтерді жүзеге асырады :

1) баспасөз және бұқаралық ақпарат саласында мемлекеттік саясатты қалыптастырады ;

2) Агенттік құзырына кіретін мәселелер бойынша министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының баспасөз және бұқаралық ақпарат саласындағы қызметін үйлестіреді ;

3) қарауындағы ұйымдардың экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік дамуына басшылықты қамтамасыз етеді;

4) әлеуметтік мәнді әдебиет түрлері жөнінде мемлекеттік бағдарламалар жасайды ;

5) мемлекеттік телерадио хабарларын таратудың көлемі мен сағатын айқындайды ;

6) баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекет тарапынан қолдау үшін бөлінетін бюджеттік қаражаттың мақсатты жұмсалуды бақылайды;

7) республика аумағында және шет елдерде ресми хабарлардың баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарында таратылуын қамтамасыз етеді және оны үйлестіріп отырады ;

8) заңда белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарын, оның ішінде шетел аудиториясына арналғандарын да есепке алуды жүзеге асырады;

9) баспасөз және бұқаралық ақпарат туралы заңның орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді ;

10) заң актілерінің жобаларын әзірлеуге қатысады;

11) Қазақстан Республикасының Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен, баспасөз және бұқаралық ақпаратта авторлық және сабақтас құқық объектілерін заңсыз пайдалану және болдырмау жөніндегі шараларды қабылдайды әрі жүзеге

а с ы р а д ы ;

12) басылымдарға, әдебиет пен өнер шығармаларын көпшілік алдында орындау және өзге түрде пайдалануға, көркем-графикалық, фотографиялық жұмыстарға, редакторлық, аудармашылық, шығармаларды рецензиялау, кеңес беру, көрсеткіштерді құрастыру және басқа да редакциялық баспа жұмыстарына төленетін авторлық ақының мемлекеттік ставкасын, сондай-ақ мерзімді басылымдарға арналған қаламақы ставкасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынады;

13) кітап баспаларының, полиграфия кәсіпорындарының, кітап саудасы ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді;

14) өз қаражаты шегінде баспа-полиграфия ұйымдарын өзінің шикізатымен және материалдарымен неғұрлым толық қамтамасыз ету үшін импорт алмастырғыш өндірістің бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады;

15) қарауындағы ұйымдардың қаржы-экономикалық қызметінің нәтижелерін талдайды, олардың өндірістік бағдарламалары мен тақырыптық жоспарларын іске асыруына көмек көрсетеді;

16) тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша, баспаларды, полиграфия кәсіпорындарын, кітап саудасы ұйымдары мен бұқаралық ақпаратбаспасөз құралдарын, олардың ерекшеліктерін ескере отырып, жекешелендіру жөнінде кепілдемелер әзірлейді;

17) баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары саласында есепке алу мен есеп беруді жүзеге асырады;

18) баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін мемлекеттік наградаларға, сыйлықтарға, құрметті атақтарға ұсынады;

19) Агенттіктің негізгі қызметінің мәселелері бойынша шетелдердің тиісті мекемелерімен байланыстар орнатады және ынтымақтастықты өркендетеді;

20) өз қаражаты шегінде, белгіленген тәртіп бойынша кітап шығару, полиграфия, бұқаралық ақпарат проблемалары бойынша халықаралық конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, оқу курстарын өткізуді ұйымдастырады.

#### **IV. Агенттіктің құқықтары**

5. Алдына қойылған мақсаттарды, талаптар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін Агенттікке төмендегідей құқықтар беріледі:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүйені одан әрі дамыту, баспасөз және бұқаралық ақпарат саласындағы экономикалық, қаржылық, ғылыми-техникалық және құқықтық реттеуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

2) баспаларда, полиграфиялық кәсіпорындарда, кітап саудасы ұйымдары мен

бұқаралық ақпарат құралдарында баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдылықтың сақталуына тексеріс жүргізу;

3) министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден және өзге де орталық атқарушы органдардан, ұйымдар мен азаматтардан баспасөз және бұқаралық ақпарат саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін Агенттікке қажетті ақпараттарды сұрастыру;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің келісімі бойынша баспасөз және бұқаралық ақпаратқа қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жасауға қатысу, ведомстволық және басқа да актілер шығару;

5) мемлекеттік меншік нысанындағы баспаларды, полиграфия кәсіпорындарын, кітап саудасы ұйымдарын, бұқаралық ақпарат құралдарын және басқа да кәсіпорындар мен ұйымдарды белгіленген тәртіппен құру, қайта құру, т а р а т у ;

б) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес баспасөз басылымдарының бақылау даналарын тегін алу ;

7) Агенттіктің баспасөз және ақпарат саласында заңға сәйкес халықаралық шарттар жасауға, өз құзыры ауқымында шетелдердің тиісті ведомстволарымен және шетелдік фирмалардың өкілдерімен келіссөздер жүргізуге және алдағы жоспарлары мен келісімдері туралы хаттамаларға қол қоюға құқығы бар.

## **V. Агенттіктің жұмысын ұйымдастыру**

6. Агенттікті Төраға басқарады, оны Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі Төрағасының лауазымы материалдық-тұрмыстық және медициналық қамтамасыз ету, көлік қызметі жағдайлары бойынша республика министрінің лауазымына, ал Төраға орынбасарларының лауазымдары-министрдің орынбасарлары лауазымына теңестіріледі.

Төрағаның орынбасарлары болады, оларды тағайындау және босату үшін Агенттік Төрағасы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс жасайды.

Төраға орнында болмаған жағдайда оның міндеттерін Төраға орынбасарларының бірі атқарады.

Агенттік жанынан алқа құрылады, ол кеңесші орган болып табылады, оның шешімдері ұсыныс сипатында болады.

7. Агенттік құрылымын, адам саны мен еңбекақы қорын, сондай-ақ Төраға орынбасарларының және алқа мүшелерінің санын Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

8. Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттіктің Т ө р а ғ а с ы :

1) Агенттік қызметін дара басшылық негізінде басқарады, Агенттікке

жүктелген міндеттердің орындалуына жеке өзі жауап береді, баспасөз және бұқаралық ақпарат саласындағы мемлекеттік саясаты жүзеге асыруды ұйымдастырады, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің баспасөз және бұқаралық ақпарат жүйесінің қызметі мәселелеріне қатысты тапсырмаларын орындайды;

2) Агенттік алқасының құрамын жеке өзі бекітеді;

3) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің талқылауына баспасөз және бұқаралық ақпарат мәселелері бойынша мемлекеттік бюджет қалыптастыру туралы ұсыныстар жасайды, сондай-ақ Агенттіктің құзырына қатысты нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын енгізеді;

4) Агенттік Төрағасы орынбасарларының арасындағы міндеттерді бөліп береді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар, өкімдер шығарады, тапсырмалар береді, олардың орындалуын тексереді;

6) азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарайды;

7) Белгіленген құрылымның, адам саны мен еңбекақы қорының шегінде Агенттік орталық аппаратының штаттық кестесін, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарын қаржыландырудың республикалық бюджетте көрсетілген қаражатты шегінде оларды ұстаудың сметалық шығындарын бекітеді;

8) Агенттіктің орталық аппаратының қызметкерлерін, ведомстволық ұйымдардың жетекшілерін қызметке тағайындайды және оларды қызметтен босатады;

9) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын газеттердің, журналдардың және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының бас редакторларын қызметке тағайындайды және оларды қызметтен босатады;

10) қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынастарда Агенттіктің ресми өкілі болады;

11) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

9. Агенттік алқасы мына құрамда құрылады:

- алқа төрағасы-Агенттік Төрағасы;

- алқа мүшелері: - алқа Төрағасының орынбасарлары, Агенттік аппаратының құрылымындағы бөлімшелердің, баспасөз және бұқаралық ақпарат жүйесіндегі ұйымдардың жетекшілері.

Алқа агенттіктің мақсаттарынан, міндеттері мен атқаратын қызметінен туындайтын мәселелерді талқылайды. Шешім қабылдау үшін алқа мәжілісіне алқа мүшелерінің кем дегенде үштен екісі қатысуы қажет. Шешімдер қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

10. Агенттікте редакциялық-баспалық, көркемдік, ғылыми-әдістемелік, сондай-ақ өзге де техникалық және басқа да кеңестер, салалық сарапшылық топтар, шығармашылық ұжымдар және құрамдық құрылымдар құрылуы мүмкін. Оларды шығармашылық және ұйымдастыру-техникалық жағынан қамтамасыз етуді Агенттіктен аппараты жүзеге асырады. Кеңестер, сарапшылық топтар туралы ережелерді Агенттіктің Төрағасы бекітеді.

11. Агенттік аппаратының қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. Агенттік жанынан баспасөзде және бұқаралық ақпарат құралдарында заңдылықты сақтауды қадағалау жөніндегі облыстық инспекциялар жұмыс істейді, инспекциялар туралы Ережені Агенттік бекітеді. Облыстық инспекциялар Агенттік құрылымының біртұтас жүйесіне кіреді.

13. Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық Агенттігі заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөрі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банктерінде есеп айырысу және өзге де шоттары болады.